МКҚК «Марал» балабақшасы меңгеруші жанындағы 2020-2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 4

Арыс ауылы 03.05.2021 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.Мерекелерді талқылау 7,9 мамыр мерекесіне орай топтарда ашық оқу қызметін бекіту
2. Қорытынды маниторинг нәтижесі
3. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі алдағы мамыр айында аталып өтілетін ашық оқу қызметінің жоспарымен танысып шықты. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мерекені шағын топ ішілік атап өтуді тапсырды. Сонымен қатар биылғы балабақша бітірушілерінің қоштасу сценариімен танысып шықты. Әдіскер А.Толепбергенова: қазіргі таңда балалар қоштасу кешіне тыңғылықты дайындалып жатыр. Дайындықтары өте жақсы . Тәрбиешілерге дайындық жалғасып, ертеңгілікке қажетті көрнекіліктер мен балабақша тарапынан қажетті заттарды қамтамасыз етіп отыруын шаруашылық меңгерушіге жүктеді. Қоштасу кеші өткізер алдын ата-аналар жиналысын өткізілді . Індеттің әле де басыла қоймауына байланысты қоштасуға тек ата-аналар комитетінің төрайымы ғана қатыса алатынын ескертті.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері 2020-2021 оқу жылының есебін тәрбиешілерден сұрады, Ересек , ортаңғы, кіші және ерте жас топ тәрбиешілері қорытындың нәтижерін атап кетті. Әр топ соңында жалпылама топтық жиынтық есебін әдіскерге тапсырды. Балабақша меңгерушісі берілген жинтықты жинап жалпылама балабақшаның жиынтық есебін жасап тапсыруды әдіскерге жүктеді.

3 **мәселе бойынша** жазғы маусымға арналған іс-шаралардың жоспарымен танысып шықты. Жоспарда түзетуге тиісті қателіктерді реттеп, алдағы уақытта осы бекітілген жоспар бойынша іс-шаралар аталып өтілуін қадағалауды балабақша әдіскеріне жүктеді.

Шешім:

1. Мамыр айында аталып өтілетін ашық оқу қызметтері бекітілсін. Қоштасу кешіне көрнекіліктер өз уақытында жасалып, қажетті заттармен қамтамасыз етілсін. Ертеңгіліктің өз деңгейінде өтілуіне жағдай жасау әдіскердің басшылығында болсын.
2. 2020-2021 оқу жылының қорытынды маниторингінің есебі жасалып, оны қажетті жеріне тапсырылсын.
3. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарында жіберілген кемшіліктер түзетіліп бекітілсін.

Кеңес төрайымы : М.Насруллаева

Хатшы: Г.Оразбекова

МКҚК «Марал» бобекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы 2020-2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 3

Арыс ауылы 22.01.2021 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2.«Тәуелсіз елім-Қазақастан» мен «Тәуелсіздік-тұғырым» атты ашық оқу қызметін талдау.
3.Жарты жылдық манитроринг қорытындысы (Аралық мониторинг)
4. «Шығармашылық» біілім беру саласының ж.ргізілуін бақылау.

1. **Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі** қткен кеңестің шешімдері қаншалықты орындалғанын атап өтті. Әдіскер А.Толепбергенова қазіргі таңда ортағы топта баланың даму деңгейі жоғарылағанын айтты. Алдағы уақытта осы қарқынмен жұмыс жүргізілсе жақсы нәтижелерге жететіндігін тәрбиешіге ескертті.

2 Мәселе бойынша әдіскер ересек ортаңғы топтарда өткізілген «Тәуелсіздік » күніне арналған «Тәуелсіз елім-Қазақастан» мен «Тәуелсіздік-тұғырым» атты ашық оқу қызметтінін қаншалықты өткендігі жайлы тәрбиешілердің ойын білу үшін сөз кезегін тәрбиешілерге берді. Кіші топтың тәрбиешісі: Маған «Қамбар» тобының ашық оқу қызметі өте қатты ұнады. Тәрбиеші Парменкулованың шеберлігі мені тәнті етті.балалардың назарын өзіне аударыпң ұ.о.қ қызықты өтуіне топпен ат салысқаны ұнады. Тәрбиеші баламен қалай жұмыс жасау керектігін жақсы меңгергені көрініп тұр деді. Ерте жас топ тәрбиешісі әдіс алмасу мақсатында ортаңғы топтың ашық оқу қызметіне қатыстым. Өзіме қажетті әдіс-тәсілдерді түртіп отырдым. Балалар ұ.о.қ жақсы қатысып отыр. Ойын барасында баланы ынталандыру үшін мақтау мадақтау аз айтылды. Сасқалақтап өз жауабына құманданған балапандарға қолдау білдіріп демеп отыру тәрбиеші тарапынан аз болды. Жалпы тақырыпты ашып, баланың бойындағы отанға, еліне, жеріне деген ұлтжандылық қасиетін оята білді.

3. Мәселе бойынша әдіскер балабақшамызда баланың даму деңгейін анықтайтын аралық мониторинг жүргізілгендігін айтты. Жарты жылда бала

нені меңгерді, нені меңгеру керек деген сұрақ аясында қызу талқыланып, әр бала даму ерекшелігіне байланысты деңгейлер берілгентігін атап өтті. Аралық мониторинг арқылы баланың шығармашылық қасиетін де анықтай алып сол бағытта жұмыстар жүргізілетінін ескере кетті. Ересек топ тәрбиешісі менің өте бұзық тәрбиеленушім бар орнында тұрмайды. Бастапқыда оған қиын тапсырмалар бермедім. Бала тез орындап болып баяғыша әдетіне басып отыратын болды. Бақылау әдісі арқылы оның неге қызығатынын анықтап, сол қызығушылығын ұ.о.қ байланыстырып күрделі тапсырмалар бере бастадым. Бала барлық күш жігерін сол тапырманы орындауға жұмсап қазіргі ттаңда үздіктерімнің қатарында деп аралық маниторнигтің нәтиесімен бөлісті.

4. «Шығармашылық» білім беру саласы барлық топтарда өтілетін болғандықтан кәшә топ тәрбиешісі өзінің әдіс-тәсілімен бөлісті. Бала көргенін қайталайтын болғандықтан оның жас ерекшелігін де ескерген дұрыс. Ұ.о.қ балаға оңай әрі қызықты өтуі үшін бүгін мен сіздерге дәстүрден тыс сурет салу тәсілімен бөліспекшімін. Бұл тәсілде баланың ойлау қабілетін арттырып қана қоймай баланың қолдың ұсақ маторикасы жақсы дамитынын сурет салу арқылы көрсетіп берді.

Шешім :

1. Өткен кеңестің шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.2. Алдағы уақытта ашық оқу қызметтіне әдіс алмасу үшін тәрбиешілер бір бірінің ұ.о.қ қатысып тәжирбе алмасып отырылсын. Оны қадағалау әдіскерге жүктелсін. 3. Аралық мониторинг нәтижесіннің жиынтық есебі жасалып керекті орындарға тапсырылсын. 4. « Шығармашылық» білім беру саласын оқыту барысында баланың жас ерекшелігі ескеріліп жоспар бойынша өткізілсін.

Кеңес төрайымы : М.Насруллаева

Хатшы: Г.Оразбекова

МКҚК «Марал» балабақшасы меңгеруші жанындағы 2020-2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 2

Арыс ауылы 10.11.2020 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. «Тәуелсіз елім-Қазақстан » ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің және Жаңа жыл ертеңгілігінің бағдарламасымен танысу.
3. «Таным» білім беру саласының жүргізілуін бақылау.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен кеңестің шешімдері өз дәрежесінде орындалғанын айтып өтті. Сонымен қатар топтарда өткізіліп жатқан ұ.о.қ талдап баланың даму деңгейін анықтайтын бастапқы манитроингінің нәтижесімен танысып шықты. Ортаңғы топтың нәтижесіне аздап кңңілі толмайтынын айтып , төмен деңгейдегі тәрбиеленушілермен алдағы уақытта баламен жұмыстар жүргізілуін тапсырды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері «Тәуелсіз елім-Қазақастан» мен «Тәуелсіздік-тұғырым» атты ашық оқу қызметі ересек және ортаңғы топтарда өтетінін айтты. Мерекелік ашық оқу қызметінің жоспары тексеріліп бекітіп беруін сұрады. Жоспармен т танысқан балабақша меңгерушісі басқа тәрбиешілерге ашық оқу қызметін мұнан да жақсырақ қалай өткізуге болатынын қызметкерлерден сұрап, ұсыныстарын тыңдап шықты. Жаңа жылдық іс-шаралар пандемияға байланысты ата-аналармен ақылдасып жабық түрде балалардың қалауымен ішінара өткізілетін болды. Мерекеге қажетті балалардың киімдері мен сыйлықтарды ата-аналар өздері қамтамасыз етіп біргелікте ат салысатындарын жеткізді. Ата-анлардың сұранысы бойынша мерекелік іс-шара желтоқсан айының соғы күндеріне белгілеуін сұрады.

3.Мәселе бойынша ересек тобының тәрбиешісі Байтілеуова «Таным» білім беру саласының ортаңғы және ересек топтарда алатын ролі жайлы баяндама оқып берді. Баяндамада мектепке дейінгі ересек жаста танымдық сала жалпы танымдық дамуда елеулі проль атқара бастайды. Балабұл өмірде барлық нәрсе бір-біріне оқшау емес, белгілі бір байланыс пен тәуелділікте,белгілі бір тәртіпте болатындығын түсінеді. Сондықтан, орта туралы жинақталған түсініктерді реттеуге танымдық қажеттілік пайда болады. Бала бұл жаста қоршаған затпентолық танысып, оның санын ажырата бастайды. Сол себепті

біз балаға екі затты қатар қойып салыстыру арқылы балалардың көздерін жеткізіп, өздері анықтып табуына мүмкіндік беруіміз қажет екенін айтып өтті.

Шешімі :

1. Бастапқы маниторингте төмен деңгейлі тәрбиеленушілермен тәрбиешілер жұмыс жүргізілсін.

2. «Тәуелсіз елім-Қазақастан» мен «Тәуелсіздік-тұғырым» атты ашық оқу қызметі ересек және ортаңғы топтарда өткізілсін. Жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар 29 желтоқсанда өткізілсін. Мерекеге қажетті заттарды балабақша тарапынан қамтамасыз етілсін.

3. «Таным» білім беру саласы барлық топтарда өз деңгейінде жоспар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрайымы : М.Насруллаева

Хатшы: Г.Оразбекова

МКҚК «Марал» балабақшасы меңгеруші жанындағы 2020-2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы № 1

Арыс ауылы 07.09.2020 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.Балабақшаның жаңа оқу жыдлына щолу. Тексерудің қорытындысы .
2. Заттық дамытушы ортаны құру
3. Тіл мерекесіне арналған апталық іс-шаралар жөнінде , Алтын күз мерекесінің бағдарламасын бекіту. 4.Ата-аналамен жұмыс жоспаралаутүрлері, жүргізілуі. Барлық топтарда ата-аналар жиналысына дайындық.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі- қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап, алдағы атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Жылдық жоспар мен топтардың жаңа оқу жылына дайындағын тексеріп шықты. Жаңадан келген балалармен келісім шарт түзіліп, оларға балабақша шарттарымен ауызша түсіндірме жұмыстары жүргізілу керектігін ескертті. Ересек тобының өткен оқу жылында жіберген кемшіліктерге ескерту айтып, алдағы оқу жылында сол қателікпен жұмыс істеуін тапсырды. 2020 оқу жылы елімізде болып жатқан пандемияның таралуына байланысты балалармен тек онлайн арқылы жұмыс атқарылады. Балалардығ қауіпсіздігіжайлы ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп , тығыз байланыста болуын айтты.

2. Екінші міселе бойынша балабақша әдіскері-Заттық дамытушы орта балаларға не үшін қажет деген сұраққа жауап берді. Балалардың дамуындағы мағызды факторларының бірі -олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеғістік дамытушы ортасын ұйымдастыру,құру болып табылатынын айтты. Балаға заттар мен ойыншықтар таңдауда еркін және қол жетімді болуы керек. Сонда ғана бала өз ойындағы тамаша туындыларды шығаруға мүмкүндік туатындығын айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері сөз сөйледі.Ересек тобының тәрбиешісі А.Бөрібай тіл мерекесі жайлы балаларға түсіндірме жұмыстары

жүргізіліп тапсырмалар беріліп жатқандығын айтты. Баланың қабілетіне әр балаға тапсырма берілді. Бірі тіл туралы жаттау айтса , ал бірі би билеп берді, сондай ақ «Алтын күз» мерекесіне орай «Шебер қолдар » атты балалар арасында байқау өткізу жайлы ұсыныс тастады. Шарты күз айында пісіп-жетілетін жеміс-жидек табиғаттың суретін бейнелеу. Үздік шыққандараға балабақша атынан арнайы марапат қағаздары мен дипломдар және соларды дайындап ынталандырған ата-аналарға алғыс хат тағайындауға ұсыныс тастады.

4.Мәселе бойынша топтағы балалармен танысып олардың ата-аналарымен тығыз байланыста екендігін айтты. Балабақша меңгерушісі елімізде болып жатқан індетке байланысты ата-аналар жиналысы тек онлайн түрде өткізілсін. Әр топ ата-аналар жиналысын өткізген кезде басшылықтың сол жиналыста қатысуын қамтамасыз етілуін талап етті. Яғни топта онлайн өткен жиналыста меңгеруші мен әдіскер міндетті түрде қатысып отыру шарт. Ата-анлардың балабақшаға қатысты туындаған сұрақтарға тек балабақша басшылары жауап беріп отырады.

Шешім:

1.2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

2.Заттық дамытушылық орта -баланы оқыту жұмыстарымен ата-аналармен жұмыс жүргізілсін.

3.Тіл мерекесі барлық топтар арасында аталып өтсін. «Алтын күз» мерекесіне орай «Шебер қолдар» атты онлайн балалар арасында байқау өткізілсін. Балаларды ынталандыру мақсатында марпаттар тағайындалсын.

4. Ата -аналар жиналысының күні мен жоспары бекітілсін.

Кеңес төрайымы : М.Насруллаева

Хатшы: Г.Оразбекова